



**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша
Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен
«Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
КММ-нің 2023-2024 оқу жылындағы мектепшілік
іс- шаралардың жылдық талдауы.**

**Дайындаған: директордың тәрбие жұмысы
жөніндегі орынбасары: А.Уралбекова**

2023-2024 оқу жылы

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді

Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;



Мектептің әлеуметтік паспорты (жуәлігі)

Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі оқушыларының әлеуметтік жағдайы туралы мәлімет

№	Оқушылардың әлеуметтік топтамасы	Саны
1	Оқушылардың жалпы саны: Оның ішінде ұл бала саны: Қыз бала саны:	230 120 110
2	Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың саны:	жоқ
3	Есепке алынған оқушылар саны: (қолайсыз отбасы ретінде)	4
4	АСП (атаулы әлеуметтік көмек) алатын отбасы саны: Олардың ішінде көп балалы отбасы:	26 24
5	Аз қамтылған отбасы:	18
6	Толық емес отбасы:	17
7	Әкесі қайтыс болған:	12
8	Анасы қайтыс болған:	6
9	Көп балалы отбасы:	53
10	Оралман оқушылар саны:	жоқ
11	Мүгедек (үйде оқытылатын) балалар саны:	жоқ
12	Мүгедек бала:	2
13	Жалғызбасты әкелер саны:	2
14	Өгей әкемен тұратын бала саны:	1
	Барлығы:	141

Тамыз

Жыл сайынғы дәстүрге айналған «Мектепке жол» акциясы аясында мектебіміздің көмекке мұқтаж отбасындағы 20 баланы ТОО «Балтабеков и К» ның демеушілігімен мектеп формасымен камтылды. «Самұрық» фонды әр түрлі-санаттағы 3 оқушыға оқуға арналған құралдар мен сөмкелер табыстады.

Қыркүйек



1 қыркүйек –білім күні 1 -11 сыныптарға арналған

«Мектеп – мейірім мекені» тақырыбында мектептің алаңында салтанатты жиын ұйымдастырылып өткізілді. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған 1 сынып бүлдіршіндері үшін алғашқы қоңырау соғылды. Салтанатты жиынымыз 1-11 сынып

оқушыларына тақырыпты сынып сағаттармен жалғасты.

05 қыркүйек күні 2-11 сынып оқушылары арасында жалпықазақстандық ашық диктант өтті. Диктант мақсаты – Қазақстан халқын біріктіруші мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлін нығайту.



11 қыркүйек күні «Абай -дара, Абай – дана» тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы өтті.

13 қыркүйек күні аудандық мәдениет үйінде Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай ұйымдастырылған аудандық «Тіл білгірі» атты сайысқа мектебіміздің жас

ұстазлары қатысып, жүлделі I орынды иеленді.

15 қыркүйек күні «Тілім менің –ғасырлардан аманат» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

1-8 сынып оқушылары тіл туралы тақпақтар, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, әндер сайыстарын мектеп кітапханашылары ұйымдастырып, өткізді.



22 қыркүйек күні шығармашыл оқушылар арасында «Ақберен» аудандық өнер байқауына оқушыларымыз қатысып, жүлделі III орынды иеленді.



15 қыркүйек күні «Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы» тақырыбында мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысы өтті.

Мақсаты:

Ата-аналарды балаларға жауапкершілікпен карауға шақыру.

Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде



калыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту.

Еңбек күнін мерекелеу аясында мектебімізде 15-25 қыркүйек аралығында «Менің жетістігім –менің нәтижем» тақырыбында бірқатар іс-шаралар өтті.





Қорғалжын аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» тақырыбында сурет салу байқауына мектебіміздің атынан Карпыковтар отбасы қатысып, жүлделі II орынды иеленді.



Аптаның әр бейсенбі күндері 5-9 сынып оқушылары арасында мектеп алаңын тазалау жұмыстары ұйымдастырылды.



«Жастар спартакиадасының

бағдарламасына сәйкес футболдан «Былғары доп» жарысына мектептің футбол командасы қатысып, жүлделі III орынды иеленіп, кубок медальдармен марапатталды.



Қазан. Өзін-өзі басқару ұйымының отырысы.

Өзін өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Ұстаздар күні» мерекесі аясында дублерлар күні өтіп, соңы мерекелік концертпен жалғасты.



12 қазан күні «Байлықтың бәрі күзде» тақырыбында алтын күз мерекелік іс-шаралары 1-7 сыныптар арасында өтті.



25 қазан – Республика күнін мерекелеу қарсаңында мектебімізде бірқатар іс-шаралар жоспарға сай ұйымдастырылып өткізілді. Республика күні – мемлекеттің символын айқындайтын маңызды мереке. Балаларды Отанға деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерге, ұлттық және мемлекеттік мерекелерге құрметпен қарауға баулу маңызды. Осы себептен еліміздегі барша оқушы үшін шығармашылық, танымдық, спорттық, мерекелік іс-шаралар біздің мектепте де аталып өтті. Республика күнін мерекелеуге арналған іс-шаралар 17 қазанда басталады. 1-4 сынып оқушылары арасында мәнерлеп оқу байқауы өтті. 1-4 сынып оқушылары арасында «Атамекен» тақырыбы бойынша бірыңғай жалпыхалықтық диктант өткізілді. 5-11 сынып оқушылары арасында жалпыұлттық бірыңғай эссе байқауы өтті. Ал жоғары сынып оқушылары, яғни 9-11 сынып оқушылары арасында «Мен өз елімнің азаматымын!» тақырыбында пікірсайыстар және басқа да іс-шаралар ұйымдастырылды.

Оқуға құштар мектеп жобасы бойынша мектеп кітапханашылары мектептің даярлық топ бүлдіршіндері мен мектеп оқушыларын 100% қамтыды. Мектеп қабырғасында мемлекеттік гимн шырқалып, 1-11 сыныптарда «Қазақстан – туған жерім, туған елім!» тақырыбында республикалық сынып сағаттар өткізілді. «Біз болашақ жастарымыз» тақырыбында 9-11 сынып оқушылары арасында волейболдан мектепішілік жарыс денешынықтыру пәнінің мұғалімдерімен ұйымдастырылды.

1-11 сынып оқушыларына арналған салтанатты жиын өтті.



Қорғалжын ауданы полиция бөлімінің бірінші орынбасары Д.Куанышевпен оқушылар арасында құқықтық тәрбиені нығайту мақсатында, қылмыстың алдын алу мақсатында арнайы дәрістер өткізіліп, 7-11 сынып оқушыларымен профилактикалық әңгімелер өткізілді.



14 қараша күні Қорғалжын аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері мектебіміздің оқушыларымен үй тұрмысындағы өрт қауіпсіздік, электр құралдарын, жылу беру пештерін, газ баллондарды қолдану кезінде өрт қауіпсіздік ережелерін сақтауы сонымен қоса, балалардың үйде сіріңкемен ойнамауы, балаларды үйде жалғыз қалдырмау бойынша нұсқаулықтар, интерактивті сабақтар және бейнероликтер көрсетіліп, жадынамалар таратты.



16 қараша күні мектебіміздің «Жол тәртібін білейік, аман есен жүрейік» тақырыбында 9 «Б» сыныбымен тәрбие сағаты өтті.

Мақсаты: оқушыларға жол ережесінің белгілерінің ережесімен таныстыру. Көшеде жүру ережелері бойынша түсінік берілді.

22 қараша күні Ауған соғысының ардагерлері мектебімізге келіп, 1941-1945 жылдар аралығында болған мұражайлық экспонаттармен оқушыларды таныстырып, соғыс жайлы оқушыларға толық мәлімет берді. Патриоттық-тәрбиелік іс-шараға аудан әкімінің орынбасары Д.Сабырғалиұлы қатысты.



29-30 қараша күндері Шучинск қаласында «Жігер», «Намыс» спартакиадасы бағдарламасындағы Ақмола облысының «Айбын-2023» командасы қатысып, сертификатқа иеленді.

Желтоқсан

Ақмола облысы ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Тарихи атаулар сыр шертеді» ғылыми-зерттеу жобалар

байнауына мектебіміздің 9 «Б» сынып оқушысы Аленова Аружан қатысып, Ақмола облысы ішкі саясат басқармасының басшысы А.Алиннің хатымен және арнайы сертификатпен марапатталды.

Жетекшісі: М.Байтуғанова

15 желтоқсан күні мектебімізде ҚР Тәуелсіздік күні мерекесі аясында бастауыш сынып оқушылары және аналары арасында Ұлттық ойындар эстафеталық сайысы



алғыс

ата –
өтті.



15 желтоқсан күні «Тәуелсіздігім-тұғырым» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Мақсаты: «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» орай ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарына негізделіп, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.



25 желтоқсан күні аудандық мәдениет үйінде «Болашақтың рухы биік жастары» атты балалар мен ижасөспірімдер арасындағы КТК ойындарына қатысып, мектебіміздің «АТОМ БОЛАШАҚ» командасы жүлделі ІІ орынды иеленіп, сыйлық пен мадақтамалармен марапатталды.

23 желтоқсан күні Көкшетау қаласында өткен ҚР Президент шыршасына мектебіміздің екі оқушысы қатысып, ақшалай сертификатқа ие болды.



27-28 желтоқсан күндері І-ІІ сыныптар арасында жыл-2024» мерекелік іс-шаралары өтті.

«Жаңа



Қаңтар

2023 жылдың 29 желтоқсан және 07 қаңтар аралығында "Оқуға құштар мектеп" жобасын іске асыру мақсатында қысқы демалыс кезінде "Қыста кітап оқимыз, жадымызда тоқимыз" акциясын мектебіміздің кітапханашысы Попосёмова Светлана Викторовна ұйымдастырып, өткізді.



«БІРГҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ» іске асыру мақсатында бүгін 2024 жылдың 11 қаңтар күні 9-11 сынып оқушыларына "«Профи TIME» мамандықтар әлемінде" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.



2024 жылдың 10 қаңтар күні "Жастар" спартакиадасы бағдарламасына сәйкес футболдан 9-11 сынып оқушылары арасында аудандық жарыс өтті. Жарыстың мақсаты: салауатты өмір салтын насихаттау, футбол спорт түрінің қызығушылығын арттырып, кеңінен насихаттау. Жарыстың нәтижесінде мектебіміздің футбол командасы жүлделі I орынды иеленіп, Целиноград ауданы Талапкер ауылында өтетін облыстық аумақтық жарысқа жолдама алды. Спортшыларымызға сәттілік тілейміз!



2024 жылдың 23 қаңтар күні мектептің кітапханашысы Попосёмова Светлана Викторовна аудандық кітапханашы Оспанова Гүлжан Далабайқызымен бірлесе отырып, Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына орай "Бір ел-бір кітап" іс-шарасын өткізді.



2024 жылдың 23 қаңтар күні Білім бөлімінің қолдауымен: "Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру мақсатында және "Даналық мектебі" жобасын арттыру үшін ата-аналармен "Баланың бас ұстазы -ата-ана" тақырыбында тәрбиелік іс шара өтті. Тақырыпты іс-шараға мектебіміздің 1"Ә" және 9"Б" сынып ата-аналары белсенділік танытып қатысты.



2024 жылдың 25 қаңтар күні "Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың, ерте жүктіліктің, суицидтің, қылмыстық істің, заң бұзушылықтың, буллинг және кибербуллингінің алдын алу" тақырыбында 1-11 сыныптардың ата-аналарына арналған жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті. Жиналысқа аудандық білім бөлімінің тәрбие әдіскері Тұрсынова Асем Алдабергенқызы және аудандық ювеналдық полицияның кәмелетке толмаған істері жөніндегі лейтенанты Саден Айтолқын Төлеутайқызы қатысты.

Жиналыстың мақсаты: ата-аналарды балаларға жауапкершілікпен карауға шақыру. Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту.



26 қаңтар күні "Ұлттық ойын-ұлт қазынасы" тақырыбында жарыс өтті.



2024 жылдың 26 қаңтар күні мектептің өзін-өзі басқару ұйымы "Қайырымдылық" акциясы аясында көмекке мұқтаж адамдардың үйіне барып, ауласын қардан тазартып, көмек көрсетті.



Ақпан

2024 жылдың 14 ақпан күні Кеңебек Күмісбеков атындағы мәдениет үйінің көрермендер залында "Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына" 7-8 сынып оқушылары арасында аудандық мәнерлеп оқу және ән байқауы аудан әкімінің орынбасары Д.Сабырғалиұлының ұйымдастыруымен өтті. Аталмыш фестивальге мектебіміздің алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі және Ауған соғысының ардагері С.Рахмангулов қатысып, қатысушы өнерпаздарға мадақтамалар және сыйлықтар табыстап, оқушыларға өз Отанына адал болуға шақырды.



Мектеп жанындағы интернат тәрбиеленушілерімен "Ауғанның от-жалыны" атты іс-шара кітапханашы Попосемова Светлана Викторовнаның ұйымдастыруымен өтті. Онда балалар Ауған соғысы оқиғалары туралы электронды кітаптар оқыды.



2024 жылдың 23 ақпан күні "Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру мақсатында және "Даналық мектебі" жобасын арттыру үшін ата-аналармен және мектептің 9 "Б"

сынып оқушыларымен "Ата жолы, әке үлгісі ұрпақ өнегесінде" тақырыбында әкелер және ағалармен тәрбие сағаты өтті.



Наурыз

«Алғыс күніне» орай Даналық мектебінің жоспары аясында 5 "Ә" сынып жетекшісі Уткельбаева Алмагүл Мақажанқызы "Ата мен әже ісі- бізге өнеге" тақырыбында тәрбие сағатын ұйымдастырды.

Мақсаты: Ұлттық мүдде, ұлттық мәдениетті дәріптеу. Ар-ұят сөзіне берік болу, үлкенге деген құрмет көрсету, адамгершілікке баулу.



2024 жылдың 01 наурыз күні 2 "А" сынып оқушылары "Жол ережелері" тақырыбында тәрбие сағатын сынып жетекшісі: Омарова Орынтай Тұрарқызы өткізді.



2024 жылы 14 наурызда "Қорғалжын ауылының А.Төлеубаев атындағы ЖОББ мектебі" КММ-нің алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі 3-ші дәрежелі сержант Рахмангулов Сарсенбай Смағұлұлы "Азаматтық қорғаныс айлығы" аясында "Қорғалжын ауылының А. Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" КММ-де мектеп оқушылары арасында газ қағарларды қалай кию, марлемен қалай таңу және алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша спорттық іс-шара өткізілді.

15 наурыз күні Юрий Гагариннің 90 жылдығына орай 5 "А" сыныбымен кітапханашы Попосемова Светлана Викторовна іс-шара өткізді.



15 наурыз қайырымдылық, мейірім мен тату көршілік тақырыбында игі істер марафоны аясында мектеп жанындағы интернаттың тәрбиеленушілеріне мектеп ұстаздары өздерінің арнайы дайындаған сый-сияпаттарын ұсынды.



«Наурыз –Жыл басы» тақырыбында өткен сынып сағаттар мен мерекелік іс-шаралар



Ұлттық салт-дәстүрлер қойылымдарынан үзінділер



10 күндігі аясында 8 "А" және 8 "Ә" сынып оқушылары 17 наурыз Шаңырақ күні, тәрбиелік іс-шара ұйымдастырды.

Бұл күнді отбасы құндылықтарын дәріптеуге арнау ұсынылады.
50 жыл отасқан отбасылар арасында "Алтын шаңырақ" атты тәрбие сабағы өтті.
Ұйымдастырған: Қылышбаев Д.Е және Касенова Г.Ж



Ұлттық мүдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Ар-ұят: кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсете білу; қайырымдылықпен айналасу игі іс екенін білу;

Наурыз мейрамын тойлаудың жаңартылған тұжырымдамасын іске асыру мақсатында, «Қазақстан халқына» Қоғамдық қоры Қазақстанның барлық өңірінде "Жаздық жолдама 2024" – қайырымдылық жобасы аясында, Қорғалжын ауылдық округінің әкімі Дуанбеков Нұрсұлтан Қайыргелдіұлы мектебімізге - 2 жолдама табыс етті. "Жаздық жолдама" жобасы жазғы каникул кезінде 5-8 сыныптардың зияткерлік және шығармашылық дамумен демалысты қамтамасыз етеді.

Бұл қайырымдылық жобасы оқуда үздік көрсеткіштерге ие (үлгерімі және пәндік олимпиадаларға, пікірталастарға қатысуы) және мектептің қоғамдық өміріне белсенді қатысатын орта сынып оқушыларын қолдауға және ынталандыруға бағытталған.



20 наурыз -Ұлттық спорт күні.

20 наурыз -мектептің ұстаздары мен қызметкерлерінен құралған командалар ұлттық ойындар сайысында бақ сынасты.



23 наурыз күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына және "Наурызнама" күнтізбесіне сәйкес бүгін - "Тазару" күні.

8-10 сынып оқушылары "Тазару" күніне атсалысып, мектептің ауласын қардан тазалау жұмыстарын жүргізді.



Сәуір

2024 жылдың 02 сәуір күні "Қауіпсіз интернет" тақырыбында 5-7 сыныптарға арналған ашық ақпараттық сабақ өтті.

Өткізгендер: информатика пәнінің мұғалімдері М. Рысбаева және М. Кульманов



Қорғалжын аудан прокуратурасының тапсырмасына орай, 2024 жылдың 03 сәуір күні мектептің 9-11 сынып оқушыларына арналған «Бопсалау, есірткі препараттарын қолдану және тарату, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы зорлық-зомбылық қылмыстары үшін жауапкершілік мәселесі» тақырыбында Қорғалжын аудан прокуратурасының прокурорының көмекшісі: Берғалиұлы Қазбекби оқушыларға Заң тарапынан жауапкершіліктің түсінігі бойынша өз баяндамасын оқып, тақырыпты презентациясын ұсынды. Есірткі қылмыстары үшін жауапкершілік мәселелерін қамтып, оқушылармен профилактикалық әңгіме жүргізіп, оқушылардың қойған сұрақтарына жауап берді.



12 сәуір Дүниежүзілік ғарышкер күні "Ғарыш- келешектің кемелді жолы" тақырыбында 1"Ә" сынып оқушыларының тәрбие сағаты.

Сынып жетекшісі: Жұмбаева Зауре Армияқызы

12 сәуір күні "Тоғыз айға 9іс-шара" тұжырымдамасы шеңберінде Республика бойынша "Шахмат ойнау" челленджі өтті.



Қорғалжын орталық кітапханасы күйші-қобызшы Дәулет Мықтыбаевтың 120 жыл, әнші, Қазақстанның халық әртісі Рабиға Есімжановаға 110 жыл, қоғам қайраткері, соғыс ардагері, Қорғалжын ауданында партия комитетінің 1-хатшысы Ақтан Төлеубаевтың 100 жылдығына арналған «Туған өлке тұлғалары» тақырыбында еске алу кешін өткізді. А.Төлеубаев атындағы мектептің кітапханашысы С.В.Попосемова, 10 «а» класс оқушылары мен Білім бөлімінің әдіскері Ә.Алдабергеновна катысты. Кеште Қорғалжын ауданының құрметті азаматы, ақсақалдар кеңесінің төрағасы – Мұхит Шермұханұлы өлке тұлғалары туралы қысқаша түсінік беріп, кеш қонағы Қайрат Ақтанұлы әкесі туралы естеліктерін айтып берді. Іс-шара соңында бейнеролик көрсетіліп, көрмеге шолу жасалды.



2024 жылдың 26 сәуір күні "Қорғалжын - қасиетті мекенім" тақырыбында аудандық кітапхана қызметкері, Ж. Д. Оспановамен бірлесіп мектептің кітапханашысы Попосёмова Светлана Викторовна әдеби танымдық іс-шара 9 "А" сынып оқушыларымен ұйымдастырып, өткізді.



Мамыр

1 –мамыр «Бірлік күні» аясында әзірленген көрме



3 мамыр күні Қорғалжын орталық кітапханасы Қорғалжын аудандық білім бөлімімен бірлесіп, Кеңес Одағының батыры, халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына орай «Рақымжан Қошқарбаев – өмір жолы» тақырыбында танымдылық сабағы Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы білім беретін мектебінің 8 сынып оқушыларының арасында өткізілді.



04 мамыр күні мектебімізде Ақтан Төлеубайұлының туғанына 100 жыл толуына орай салтанатты түрде еске алу кеші өтті. Аталмыш іс-шараға аудан әкімі Жанбаев Берік Амантайұлы, ауыл әкімі Дуанбеков Нұрсұлтан Қайыргелдіұлы, аудандық маслихат төрағасы Рыспаев Берік Оралбайұлы, аудандық білім бөлімінің басшысы Омарова Сауле Қувнышқызы, Ақтан Төлеубаевтың баласы Қайрат Ақтанұлы, немересі Ажар Қанатқызы және шөберелері қатысты.



06 мамыр күні «Ерлік ұрпаққа – ұран, елге мұра!» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Тақырыпты іс-шараға - Ауған соғысының ардагері, мектебіміздің ұстазы Рахмангулов Сарсен Смағұлұлы қатысты. Мектеп кітапханашысы Попосёмова Светлана Викторовна 5 "Ә" сынып оқушыларына «Ауған қасіреті» атты шағын қойылымынан үзінді көрсетті.



2024 жылдың 10 мамыр күні мектебімізде "Аналар күні" аясында "Жанұя қамқорым - ана тірегім" тақырыбында сайыс сабақ өтті.

Аталмыш іс-шараға 5 сынып оқушыларының төрт оқушысы өздерінің аяулы аналарымен қатысты. Ана мен баланың көрсеткен өнерлеріне әділ баға берген Аудандық аналар кеңесінің төрайымы: Баймуханова Заря Қайратқызы және Аудандық білім бөлімінің тәрбие ісі жөніндегі әдіскері Тұрсынова Асем Алдабергенқызы.



2024 жылдың 15 мамыр күні, тоғыз айда тоғыз іс - шара және төрт тоқсанда - төрт өнер "Әншуақ" жобасы аясында "Мен қазақтың қызымын" 5"Ә" сынып оқушысы Мұсай Назым орындады.

Тәрбие құндылықтары:

Ұлттық мүдде: ✦ Оқушылардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту;

Ар-ұят: ✦ Өзінің отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенің сезіну;

Талап: ✦ Білуге, жаңаны тануға құштар болу.



2024 жылдың 17 мамыр күні мектебіміздің кітапханашысы С.В. Попосемова және аудандық кітапхананың кітапханашысы Г.Д.Оспановамен бірге мемлекеттік табиғи қорық мұражайында «Қорғалжын жерінің ерекшеліктері» атты іс-шара өткізді, онда мұражай гідлі Наурызбаева Акбота Балгабайқызы мектебіміздің 5 сынып оқушыларына қорық тарихы, флора мен фауна туралы айтып берді.



2024 жылдың 21 мамыр күні мектебіміздің 9-11 сынып оқушыларына Қорғалжын ауданының Жастар ресурстық орталығының теолог маманы Жумабаев Жаңдос Нурхалиұлы, "Теріс пиғылды діни ағымдардың идеологиясына қарсы тұру, діни-құқықтық сауаттылықты арттыру" тақырыбында семинар өткізіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



2024 жылдың Оқушыларға экожүйелермен Қазақстан даласында тіршілік ететін аңдар жайлы мәліметтер айтылды. Ойын түрінде тапсырмалар ұйымдастырылды, балалар топқа бөлініп, біршама аңдар қауымының ерекшеліктерін талдап шешті. Мектеп кітапханасына "Қазақстанның дала аңдары" мен "Ақбөкен" кітаптары табысталды.



"Таза Казакстан" эко-акциясы аясында 23 мамыр күні 6-8 сынып оқушылары мектеп ауласын қоқыстан тазартты.



2024 жылдың 23 мамыр күні Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру мақсатында «С.Нұрмағанбетов – халық үшін туылған батыр» тақырыбында мектеп оқушылары онлайн семинарға қатысты.
 Мақсаты: Отанды сүйеге, патриот болуға баулу.
 Құндылықтар:
 Ұлттық мүдде: Қоғамның игілігіне қызмет ету.
 Ар-ұят: Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну.
 Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу.



2024 жылдың 24 мамыр күні "Білімім -Отаным" тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары 1-10 сыныптар арасында өтті. Тәрбие сағаты әнұранмен басталып, балалардың жыл бойы білім жетістіктері мен қоғамдық белсенділіктері туралы айтылды.